

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті**

Ғылыми кітапхана

«БҚМУ ғалымдары» сериясы



**Мұханбетжанова
Әлия Мендешқызы**

Орал, 2011

ББК 91.9:63
М 92
УДК 016:929

Басылымға жауапты:

Таушева Г.З. – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Ғылыми кітапхана директоры.

Құрастырған:

Алимбекерова Т.Е. - Ғылыми кітапхана қызметкері.
Ермеккалиева Н. А. – Ғылыми кітапхана қызметкері.

Мұханбетжанова Әлия Мендешқызы: библиографиялық көрсеткіш. -Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2011.- 11 б. - «БҚМУ ғалымдары» сериясы

Ұсынылып отырған библиографиялық көрсеткіш – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «**Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы**» мемлекеттік грантының иегері(2006, 2010жж) Мұханбетжанова Әлия Мендешқызына арналады.

Библиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері мен ол туралы жазылған дүниелер енгізілді. Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан.

Көрсеткіш ғаламдарға, ізденушілерге, студенттерге, оқытушыларға, көзі қырақты көпшілік оқырман қауымға арналады.

ББК 91.9:63

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР МҰҚАНБЕТЖАНОВА ӘЛИЯ МЕНДЕШҚЫЗЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Педагогика ғылымында өзіндік орны бар, шәкірт жастарды тәрбиелеу мен оқыту ісіне бір кісідей атсалысқан ғалымдардың бірі- Әлия Мендешқызы Мұханбетжанова.

Бүгінгі таңда ол М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, п.ғ.д, осы университет жанындағы Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аймақтық ресурстық орталығының директоры болып қызмет істейді. Бұл кісінің бойынан адами қасиеттердің барлығын табуға болады. Ол өз өмірін туған еліне, туған жеріне еңбек етуге арнаған, қазақы тәрбие алған, тек ғылым жолымен жүрген таза рухты адам.

Әлия Мендешқызы 1951 жылы 25 наурызда бұрынғы Чапаев ауданы, Тельнов селосында дүниеге келген. 1967 жылы «Бірінші май» мектеп - интернатын үздік бітіргеннен кейін, 1967 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1971 жылы бітіріп шықты. 1971-1986 жылдары Орал облысы, Гурьев қаласы мектептерінде оқытушы, директордың орынбасары, 1987 жылдан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, доценті, педагогика факультетінің деканы (1992-2000), университеттің проректоры (2000-2002) қызметтерін атқарған. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жанындағы ОД 14.61.02. Диссертациялық кеңестің төраға орынбасары міндетін атқарды.

2002 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми әлеуетін көтеру мақсатында арнайы шақыртумен келді. 2002-2009 жылдары осы университеттің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

1988-1991 жылдар аралығында бұрынғы Кеңестер Одағы Педагогика Ғылымдары Академиясының (АПН СССР) «Тәрбие теориясы» ғылыми-зерттеу институтына ізденушілікке бекітіліп, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.З.Вульфовтың жетекшілігімен «Система воспитания детей в комплексе «Школа – детский сад» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаса,

2001 жылы «Бастауыш білімді интеграциялау арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

«Ғылымды – ірі тұлғалар жасайды» деген сөз бар. Бар саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, ғылымға арнаған тұлғалардың қатарында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызы да бар. Ғалым оқыту ісін жақсарту барысында арнайы оқу құралдары, сөздіктер, анықтамалықтар сияқты қажеттіліктерді өтеуге әр кез мән беретін, ғұмырының көп бөлігін білімді ұстаздар дайындауға арнаған жан.

Әлия Меңдешқызы Білімді интеграциялау негізінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру / Монография (2000), Білім беруді ізгілендіру / Монография (2006), Білімнің интеграциясы: теория және практика / Монография (2006), Білімді интеграциялауда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану / Монография (2008), Тұлғалық бағдарлы педагогика / Монография (2009), Дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық - әдіснамалық негіздері / Оқу құралы (2002), Педагогикадағы ғылыми зерттеудің әдістері / Оқулық, Кредиттік жүйе жағдайында оқытудың инновациялық технологиялары / Оқу құралы, Мектептегі кіріктіріп оқыту / Оқулық (2008) т.б. сияқты 200 ден астам ғылыми мақалалар мен оқу құралдарының және 12 жылдық білім беру мазмұнына арналған оқулықтардың авторы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы 12 жылдық білім беру бойынша құрылған «Республикалық ғылыми - зерттеу жұмыс тобының» мүшесі, «Қоршаған орта» пәндік топ жетекшісі, 12-жылдық білім беруге арналған «Қоршаған орта» бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешенінің авторы. 12 жылдық жалпы орта білім берудің жаңа моделі нәтижеге бағытталған білім беруді жүзеге асыру мақсатында республикалық деңгейде Астана, Алматы қалаларында ғылыми-тәжірибелік семинарларға қатысса, ал аймақтық Ақтөбе, Атырау, Орал қалаларында әдіснамалық семинар, дөңгелек үстел, кездесулерді тұрақты жүргізіп отырады.

Жақын және алыс шет елдермен тәжірибе алмасу мақсатында Литвада (Вильнюс) екі рет іссапарда болып, Литваның 12 жылдық білім беру тәжірибесі зерттелді. «Білімді дамыту орталығында» доктор Альбинас Калвайтиспен кездесіп 12 жылдық білім беру жүйесі, зерттеулері жөнінде пікірлесті. Литва Республикасының Білім және ғылым министрлігінің негізгі және орта білім беру

бөлімінің бөлім меңгерушісі, доктор Лорета Жадейкайтемен, министрліктің жетекші мамандары Леокадия Касперавичене, Костанция Миколаявичене, Мирга Скакунованың негізгі және орта білім беруді 12 жылдыққа көшіру бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Жалпы білім беретін Литва тілінде және орыс тілінде оқитын мектептерде болып, қызметімен, бастауыш білім беру ерекшеліктері, стандарты, бағдарламалары, әдістемесі, оқулықтарымен танысты. Бастауыш мектептің «Қоршаған әлем» интеграцияланған оқулық авторы Виолета Ионуниенемен кездесіп ғылыми тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, Германияның Майнц, Берлин қалаларында болып еуропалық білім беру мазмұнымен жете танысты.

Осы ғылым жолындағы атқарған істері жоғары бағаланып, ғалым екі рет (2006ж, 2010ж.) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, 2008 жылы ғылым мен техниканың дамуына көрнекті үлес қосқан ғалымдар үшін мемлекеттік ғылыми шәкіртақы иегері атанды, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» (2001 ж.), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2007 ж.) төсбелгілерімен марапатталды.

Аталған университетте 2002 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Әлия Меңдешқызы қандай істі қолға алса да нәтижелі жүргізетін, болашаққа бағдарды айқын қоя білетін жан. Жақында Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны белгілі, сонда 2011 жылдан бастап Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясының базасында шағын жинақталған мектептерді дамытудың республикалық орталығы, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың жанынан 14 өңірлік орталық құрылатындығы айтылған. Ал, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аймақтық ресурстық орталығы 2009 жылдан бастап Әлия Меңдешқызының бастамасымен жұмыс жасап келеді. Аймақтық ресурстық орталық - жоғары оқу орындары оқытушыларының, мұғалімдер мен педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік бағыттағы білім мекемелерінің басшылықтары үшін қосымша білім алуға арналған ғылыми – зерттеу және оқу-

әдістемелік мекеме. Орталықтың ғылыми-зерттеу қызметі үштұғырлы «ғылым-білім-тәжірибе» түрінде жүзеге асырылады - бұл әлеуметтік педагогикалық және психологиялық-педагогикалық бағыттардағы зерттеулер жүргізу, жана жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес педагог кадрларға қосымша білім беру деген сөз. Орталықтың мақсаты – үздіксіз білім беру жүйесіндегі іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысу, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін Батыс Қазақстан облысының білім беру мекемелеріне енгізу. Осы орталық шеңберінде Әлия Меңдешқызының басшылығымен жалпы орта білім беру мектептерінің, коррекциялық кластардың, кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлердің әлеуметтік педагогтарына арналған «Әлеуметтік педагог» курсы, мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен ЖОББМ шағын орталықтарының «Мектепке дейінгі мекемелер педагог-тәрбиешілері» қосымша білім беру курстары жүргізіліп келеді.

Әлия Меңдешқызы жасаған ісіне көңілі толып, болдым, толдым дейтіндердің қатарынан емес, өмір бойы білім алу идеясын ұстанған, үнемі ізденіс үстінде жүретін еңбекқор жан. Өткені өнегелі адамның болашаққа жасаған жоспарлары да салмақты, олардың қатарында кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының теориясы мен технологиясын негіздеу, жоғары білікті кадрлар, магистрлар даярлау, «12 жылдық орта білім берудің бастауыш деңгейіне арналып жасалған «Қоршаған әлем» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік кешен құрудың теориялық-әдістемелік негіздері» бағытында жүргізілетін жұмыстарды жалғастыру, студенттерге оқу үрдісінде пайдалану үшін оқу құралдарын шығару секілді жұмыстар бар.

Бар саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, ғылымға арнаған ұстаз әр кездері жариялаған ғылыми мақалаларында өзіндік ойтанымын аңғартып, педагогикалық пікірлерін ортаға салады. «Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта білім беру стандартында қабылданып отырған негізгі құзыреттіліктерді - проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастырып дамыту көзделіп отыр. Олай болса болашақ маман аталған құзыреттіліктерді оқушылар бойында қалыптастыруды жоғарғы оқу орнының қабырғасында меңгеріп шығуы тиіс екендігіне ешкімнің дауы жоқ деп ойлаймыз» немесе «12 жылдық мектептегі оқу процесін ұйымдастыру тұлғалы бағдарлы, іс-

әрекеттік, құзыреттілік, денсаулық сақтау тұрғылары негізінде жүргізілуі қажет. Осы міндеттерді жүзеге асыруда тұлғаны дамытуға, оның әлеуетін анықтауға, дербестігін қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі сынып-сабақ жүйесінің орнына психология және педагогиканың идеяларын біріктірген тұлғалы бағдарлы оқыту жүйесі келуде. Аталған жүйе адамды субъект, өз өмірін жасаушы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді; оқушыларды белсенділіктің барлық түрін (танымдық, әлеуметтік, шығармашылық және т.б.) жауапкершілікпен жүзеге асыруға үйретеді» деген пікірлері заман талабымен үндес табуда.

Ұстаз, ғалым, бір шаңырақтың ұйытқысы болып отырған Әлия Меңдешқызы отағасы Өтепберген аға екеуі үш бала тәрбиелеп өсірген аяулы ана, алты немере-жиен сүйіп отырған бақытты әже. Өтепберген Әбдірахманұлы да өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты жан, бүгінде ол Орал гуманитарлық колледжінің директоры болып қызмет етеді. Үлкен қыздары Ақмарал Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, ана жолын қуып ғылым жолына түскен ол 2010 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Ұлдары Дархан мен Дастан экономика саласында еңбек етеді.

Педагогика ғылымында білім беруді ізгілендіру, білім философиясы, Қазақстан Республикасындағы білім мазмұны, жоғары оқу орындарында оқытудың интерактивтік әдістерін қолдану, тұлғалық бағдарлы педагогика, 12 жылдық білім беруге қатысты көкейкесті мәселелерді зерттеп, оған сүбелі үлес қосып жүрген ғалымның жолын қуған жастар да аз емес. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне Әлия Меңдешқызы келгеннен кейін, педагогика және психология саласы бойынша аспирантура, магистратура ашылып, ғалымның жетекшілігімен 10-ға жуық ғылым докторы мен ғылым кандидаттары диссертацияларын сәтті қорғады, 20 шақты магистр тәрбиеленіп шықты. Жетекшісі мықты болса, шәкірт те дұрыс бағыттан адаспайды дегендей, Әлия Меңдешқызының тәрбиелеген шәкірттерінің көп бөлігі жас ғалым атанған, қоғамдық қызметте, ұстаздық жұмыста жүрген білікті мамандар. Ғалым ғибратын көріп, мейірім шуағын сезінген шәкірттерінің ұстазына деген алғысы шексіз.

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР МҰҚАНБЕТЖАНОВА ӘЛИЯ
МЕНДЕШҚЫЗЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ БЕЛЕСТЕРІ**

Мұханбетжанова Әлия Мендешқызы 1951 жылы 25 наурызда Орал облысы, Чапаев ауданы, Тельнов селосында дүниеге келді.

1967 ж. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1971 ж. бітіріп шықты.

1971-1986 жж. Орал облысы, Гурьев қаласы мектептерінде оқытушы, директордың орынбасары.

1987 ж. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, доценті, педагогика факультетінің деканы (1992-2000), университеттің проректоры (2000-2002) қызметтерін атқарды.

1988 -1991 жж. аралығында бұрынғы Кеңестер Одағы Педагогика Ғылымдары Академиясының (АПН СССР) «Тәрбие теориясы» ғылыми-зерттеу институтына ізденушілікке беркітіліп, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.З.Вульфовтың жетекшілігімен 13.00.01-Жалпы педагогика мамандығы бойынша **«Система воспитания детей в комплексе «Школа – детский сад»»** тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (ғылыми дәреженің берілген уақыты 12.09.1991).

2001 ж. 13.00.01. - Жалпы педагогика мамандығы бойынша **«Бастауыш білімді интеграциялау арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық- әдіснамалық негіздері»** тақырыбында докторлық

диссертация қорғады(ғылыми дәреженің берілген уақыты 27.12.2001).

28.11.2002 жылы ҚР ЖАК шешімі бойынша (хаттама№9) педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

2002 ж. М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеп келеді.

2007ж. «Парадигма» педагогикалық мәселелері орталығының жетекшісі

2010 ж. Ы.Алтынсарин атындағы Аймақтық ресурстық орталығының директоры, **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** мемлекеттік грантының иегері

Марапаттары: ҚР Білім беру ісінің үздігі (1995), ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** мемлекеттік грантының иегері(2006ж), **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** мемлекеттік грантының иегері (2010ж).

ПРОФЕССОР ӘЛИЯ МЕНДЕШҚЫЗЫ МҰҚАНБЕТЖАНОВАНЫҢ НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ

1. Система воспитания детей в комплексе «Школа – детский сад: Автореферат к.д. – М., 1991

2. Бастауыш білім мазмұнын жаңартудың ғылыми-теориялық негіздері: Оқу құралы. - Атырау университетінің баспасы, 1998. - 87 б.

3. Бастауыш білімнің интеграциясы: теория және практика: **монография.** – Алматы: Ғылым, 1998. – 87 б.

4. Білімді интеграциялау негізінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру: **монография.** - Алматы, 2000. - 246 б.

5. Білім интеграциясы мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Абай ат. АлМУ баспасы, 2000. - 76 б. Қосавт. Бейсенбаева А.А.

6. Бастауыш білімді интеграциялау арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: Автореферат д.д. – А., 2001

7. Дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: **монография.** - Атырау университетінің РББ, 2002. - 164 б.

8. Ақпараттық жүйелер теориясының әдістемелік нұсқауы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 2004. - 80 б. Қосавт. Қасымова А.

9. Бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын меңгеру технологиясы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 2004.- 115 б. Қосавт. Медешева А.Б.

10. Дидактика: Лекциялар курсы. – Орал, 2005. – 112 б. Қосавт. Молдағалиев Б.А.

11. Медешева, А.Б., Мұханбетжанова, А.М. Бастауыш сыныпта информатика негіздері: [электронды ресурс]/ А.Б.Медешева, А.М.Муханбетжанова. - Орал: БҚМУ, 2005

12. Оқытудың интерактивті және инновациялық технологиялары. - Орал, 2005. - 144 б.

13. Өзін - өзі тану ілімінің педагогикалық тарихи даму аспектілері: әдістемелік құрал. – Орал, 2005. – 85 б.

14. Педагогика ғылымының әдіснамалық мәселелері. - Орал, 2005.-186 б.

15. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: Оқу құралы.- Орал, 2005. - 79 б.
16. Педагогиканың жалпы негіздері: Оқу құралы. - Орал, 2005. - 61 б.
17. Тәрбие теориясы: Лекциялар курсы. - Орал, 2005. - 98 б. Қосавт. Молдағалиев Б.А.
18. Білім берудің және педагогикалық ойдың тарихы. Кестелер, сызбалар, тірек конспектілері: Оқу құралы. – Орал, 2006. – 67 б.
19. Білімнің интеграциясы: теория және практика: **монография**.- Орал: БҚМУ, 2006.- 164 б
20. Дидактика: [**электронды ресурс**]/ А.Муханбетжанова.- Орал: БҚМУ, 2006
21. Жалпы білім беретін мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі: оқу құралы.- Орал: БҚМУ, 2006.- 65б (қос авторлы)
22. Қазіргі мектептегі басқарудағы педагогикалық менеджмент: оқу құралы.- Орал: БҚМУ, 2006.- 52б (қос авторлы)
23. Компьютерлік ақпарат жүйесін қорғау: оқу- әдістемелік құрал.- Орал: БҚМУ.- 2006.- 54б (қос авторлы)
24. Кредиттік жүйе жағдайында оқытудың инновациялық технологиялары: оқу құралы.- Орал: БҚМУ, 2006.- 72б (қос авторлы)
25. Кредиттік оқыту жүйесі – инновациялық орта ретінде. – Орал, 2006.–182 б.
26. Медешева, А.Б., Мұханбетжанова, А.М. Дүниетану және оны оқыту әдістемесі: [**электронды ресурс**]/ А.Б.Медешева, А.М.Муханбетжанова.- Орал: БҚМУ, 2006
27. Мектептегі кіріктіріп оқыту: Әдістемелік нұсқаулық.- Астана: 12-жылдық білім беру орталығы, 2006.- 86б
28. Педагогика: [**электронды ресурс**].-Орал: БҚМУ, 2008.-илл.
29. Педагогикадағы ғылыми зерттеу әдістері: оқу құралы.- Орал: БҚМУ, 2006.- 59б (қос авторлы)
30. Педагогиканың жалпы негіздері: [**электронды ресурс**]. - Орал: БҚМУ, 2006
31. Педагогикалық шеберлік: [**электронды ресурс**].- Орал: БҚМУ, 2006
32. Педагогикалық шеберлік: оқу құралы.- Орал: БҚМУ, 2006.- 46б
33. Тұлғалық бағдарлы білім берудің теориялық негіздері: Оқу-әдістемелік нұсқау.- Орал: БҚМУ, 2006.- 62 б (қос авторлы)
34. Педагогиканың жалпы негіздері: [**Электронды**

ресурс]/А.М. Муханбетжанова, Ш.Т. Мұқанбетова.-Орал: БКМУ, РИО,2009.

35. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: **[электронды ресурс]**.- Орал: БКМУ,2009.

36. Педагогикалық шеберлік: **[электронды ресурс]**/А.М. Муханбетжанова, Ш.Т. Мұқанбетова.-Орал: БКМУ,2009.

37. Тәрбие жұмысының әдістемесі: **[электронды ресурс]**/А.М. Муханбетжанова, Ш.Т. Мұқанбетова –Орал: БКМУ, 2009

38. Основы 12 – летнего образования: **[электронный ресурс]** / А.М. Муханбетжанова, А.Б. Хайруллина, Д.Ш. Жумагалиева – ЗКГУ, Уральск, 2010